



201 \_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_

Астана, Үкімет Үйі

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 \_\_\_\_\_ г.

№ \_\_\_\_\_

№ исх: 21-11/4097 от: 16.01.2017

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына**

*2016 жылғы 14 желтоқсандағы № ДС-179-ға*

Сіздердің дәстүрлі өнер мәселелері бойынша депутаттық сауалдарыңызға мынаны хабарлаймыз.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Үкімет тарапы шығармашылық тұлғаларды қолдау және олардың шығармашылық әлеуетін дамыту үшін қажетті жағдайлар жасалып, жан-жақты қолдау көрсетілуде. Сонымен бірге, депутаттық сауалда көтерілген мәселелер бойынша мыналар туралы хабардар етеміз.

*1-тармақ бойынша:*

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 21-тармағына сәйкес 2015 жылы Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі жанынан өнердің әр саласы бойынша көркемдік кеңестер құрылып, тиісті ережелері әзірленіп бекітілді. Музыка өнері мәселелерімен көркемдік кеңестердің бірі айналысады (бұдан әрі – Кеңес). Оның құрамында мынадай музыка өнерінің көрнекті қайраткерлері: Т.Әлпиев, В.Күзембаев, Ж.Әубәкірова, А.Бөрібаев, С.Еркімбаев, Б.Нүсіпжанова, А.Мұсақожаева, Т.Урманчиев, Ж.Шәкәрім, П.Момынов, А.Райымбергенов, А.Мұхитдинов, Ғ.Есімов, Ж.Ерманов, Қ.Асанов, А.Әлтаев, А.Алмасов, Ж.Сейдоллаұлы және т.б. сияқты сыншылар, әншілер, композиторлар, өнертанушылар мен зерттеушілер.

Кеңестің 2016 жылғы 5 сәуірде өткен кезекті отырысында дәстүрлі ұлттық өнерді, радио мен теледидардың музыкалық және ойын-сауықтық бағдарламаларын көркемдік-эстетикалық сапада алға жылжыту туралы, сондай-ақ, мемлекеттік радиолар жанындағы көркемдік кеңестердің қызметтері туралы мәселелер қаралды.

*2,3-тармақтар бойынша*

Бүгінгі күнге Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі теле, радиоарналарда дәстүрлі әндерді, сондай-ақ, халық және осы заманғы композиторлардың шығармаларын сақтау әрі насихаттау жөнінде жұмыс жүргізуде.

Атап айтқанда, 2016 жылы «Қазақстан» телеарнасы мынадай көрнекті қазақстандық музыка қайраткерлерінің: Ә.Бейсеуовтің, Б.Тәжібаевтың, М.Ержановтың «Жарқын бейне» хабарында, сондай-ақ, Е.Әбдіқалықованың, А.Жайымовтың, Ә.Тінәлінің, І.Жақановтың, Ж.Тұрсынбаевтың, Б.Дәлденбайдың «Дара жол», «Ой-толғау» хабарларында өмірі мен шығармашылығына арналған бағдарламалар шығаруды ұйымдастырды.

«Хабар» телеарнасы М.Мақатаевты, Ш.Қалдаяқовты, Н.Тілендиевті, С.Байтерековті еске алуға арналған бағдарламалар көрсетуді және дәстүрлі орындаушылар – І.Жақановтың, К.Дүйсекеевтің, Н.Арзамасұлының, М.Мұхамедқызының, Б.Төлегенованың, Р.Стамғазиевтің, «Қоңыр» тобының концерттерін, сондай-ақ, халық композиторларының шығармашылығын насихаттау және дәстүрлі орындаушылық өнерді танымал ету мақсатында «Орталық Хабар», «Бенефис шоу», «Өмір жолы», «Линия судьбы» хабарларына қатысуға Қ.Байбосынов, А.Алматов, А.Бекбосынов, А.Елшібаева, Е.Рысқали, Е.Жаңабергенова, А.Балажанова және т.б. шақырылды.

Бұдан басқа, интернет-ресурстардың беттерінде де аталған бағытта тиісті материалдар шығарылды. Өткен жылы «Kaztube.kz» бейне порталында 38 бейнеролик, оның ішінде М.Мұхамедқызының «Шырқар әнім – Астана көктемі» концерттері, «Қорқыт» дәстүрлі музыка тобының тұсаукесер концерті, сондай-ақ, ҚР Тәуелсіздігінің 25-жылдығы шеңберінде «Астана Опера» театры әртістерінің қатысуымен өткен мерекелік концерт және т.б. аудиоматериалдар орналастырылды.

«El.kz» интернет жобасында 1050 аудиоматериал, олардың арасында Б.Жылқыбаевтың, Ж.Елебековтің, Е.Айтбаевтың, Р.Бағланованың, Н.Нүсіпжановтың және басқа да дәстүрлі әншілердің орындауында әндер жүктелді, сондай-ақ «Ертіс – Баян әуендері» атты альбом орналастырылды.

Бұл ретте Ақпарат және коммуникация министрлігі алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыратын болады.

#### *4,5,6-тармақтар бойынша*

Мәдениет және спорт министрлігі және облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері дәстүрлі әншілерге қолдау көрсету әрі тұрғындар арасында халық шығармашылығын және қазақстанның қазіргі заманғы композиторларын бұқара халыққа насихаттау мақсатында Ә.Қашаубаев, Ж.Елебеков, М.Бәпиұлы, М.Мерәлі, Ғ.Құрманғалиев Ә.Найманбаев атындағы республикалық дәстүрлі әншілердің конкурстарын, сондай-ақ, «Ұлы дала сазы», «Қорқыт және Ұлы дала сазы», «Астана арқауы» халықаралық фестивальдерін тұрақты түрде өткізіп келеді.

Жоғарыда аталған конкурстардың лауреаттары мен қатысушылары меценаттардан, демеушілерден және басқа да дәстүрлі музыка өнерін бағалаушылардан арнайы жүлделермен, ақшалай сыйақылармен көтермеленеді.

Солтүстік Қазақстан облысында өтетін «Мағжан көктемі» республикалық өнер фестивалінің жеңімпаздары Шәмші Қалдаяқов атындағы «Менің Қазақстаным» атты халықаралық ән фестивалінің және Халықаралық «Шабыт» жастар фестивалінің тұрақты қатысушылары болуда.

Бұдан басқа, Мәдениет және спорт министрлігі заман талабына сай қоғамдық маңызды жаңа музыкалық шығармалардың жазылуына жол ашу, отандық авторларды қолдау және республикалық театрлар мен концерттік ұйымдардың репертуарларын, музей қорларын көркемдік деңгейі жоғары жаңа туындылармен толықтыру мақсатында тұрақты түрде Республикалық «Тәуелсіздік толғауы» атты жаңа өнер туындыларына арналған конкурсы мен Республикалық «Елім менің» патриоттық әндер конкурсын өткізіп, оған еліміздің шығармашылық одақтары, оның ішінде жазушылар мен композиторлар қатысады.

Сонымен қатар, Қазақстан жазушыларының, оның ішінде Жазушылар одағы мүшелерінің үздік туындыларын басып шығаруға республикалық бюджеттен қаржы бөлініп келеді.

Бүгінгі таңда Мәдениет және спорт министрлігі мен Ақпарат және коммуникация министрліктері тарапынан Қазақстанның дәстүрлі өнерін насихаттау және өтетін іс-шараларды кеңінен ақпараттандыру бойынша жұмыстар қолға алынуда.

#### *7-тармақ бойынша*

2015-2016 жылдары қолданыстағы заңнамаға сәйкес, ЮНЕСКО-ның адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының көрнекі тізіміне «Қазақтың дәстүрлі домбыра күй өнері», «Киіз үйді жасаудың дәстүрлі білімдері мен дағдылары», «Айтыс – импровизация өнері» (Қырғызстанмен бірлесіп) номинациялары, «Наурыз» көпұлтты номинациясы (Иран, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия, Үндістан, Пәкістан, Ауғанстан, Ирак, Түркіменстан, Тәжікстан бірлесіп), «Саят құстармен аң аулау» көпұлтты номинациясы (Моңғолия, БАӘ, Сауд Арабиясы, Чехия, Венгрия, Испания бірлесіп), «Жұқа нанды дайындау дәстүрі: лаваш, қатырма, жұпқа, юфка» көпұлтты номинациясы (Иран, Әзірбайжан, Қырғызстан, Түркия бірлесіп) және «Қазақ күресі» ұлттық номинациясы енгізілді.

Ұлттық мұраларымызды сақтау мақсатында, Мәдениет және спорт әрі Сыртқы істер министрліктеріне ЮНЕСКО-ның адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының көрнекі тізіміне «Дәстүрлі асық ойындары», «Қобызда ойнау дәстүрі», «Қазақтың дәстүрлі ән өнері» және т.б. номинацияларды енгізу бағытындағы жұмыстарды жалғастыру туралы тапсырма берілді.

**И. Тасмағамбетов**